

# **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ**

**Жарналардың дифференциалды мөлшерлемелерін есептеу және  
методологиясы департаменті**

**2015 ж. 3-тоқсанындағы**

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА**

**ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ**




## Жеке тұлғалардың депозиттер нарығының тенденциясына шолу

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері 2015 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 5,7 трлн. теңгеге жетті, оның ішінде депозит қоржынның мөлшері 3 тоқсанда 1,4 трлн. теңгеге немесе 31,3%-ке ұлғайды.

Соңғы 5 жыл аралығында жеке тұлғалардың салымы 30%-тен аса ұлғаюы болмағанын айта өту қажет. Мұндай өзгерістің болуына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ұлттық валютаны еркін қолданысқа жіберуі өз септігін тигізді. Осылайша, депозиттер базасының ұлғаюын шетел валютасындағы жеке тұлғалар депозиттері қамтамасыз етті: талап етілгенге дейінгі депозиттер 3,3 есе ұлғайса, мерзімді және шартты депозиттер 1,5 есе, ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтар 1,2 есе ұлғайды.


Сонымен қатар, есепті тоқсан **Халық банк** пен **Казкоммерцбанктің** жеке тұлғалар депозиттері базасындағы үлестері теңесуімен ерекшеленді. Банктер үлесі сәйкесінше 20,8% және 20,6% құрады. Жеке тұлғалардың салымдарының 9,7% **Kaspi Bank** еншісінде. Осылайша, халықтың салымдарының жартысынан көбі (51,1%) көрсетілген 3 банкте салынған, салымдардың 48,9% қалған банктерге (31) тиесілі.

1-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының өзгеру динамикасы



Қатысушы-банктердің депозиттері жиынтық қоржыны жалпы үлесі 91,4% немесе 5,2 трлн. теңге және тоқсандық ұлғаюы 1,4 трлн. теңге немесе 35,2% болатын *мерзімді және шартты салымдардан*, жалпы үлесі 8,2% (469 млрд. теңге) және тоқсандық өзгерісі -9,7 млрд. теңге немесе 2% болатын *ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтардан*, сондай-ақ жалпы үлесі 0,4% (21,6 млрд. теңге) және есептік кезеңде 11,7 млрд. теңгеге немесе 2,2 есе ұлғайған *талап етілгенге дейінгі салымдардан* тұрады.

2 - диаграмма. Жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі категориялар бойынша құрылымы (% бойынша)





Қатысушы-банктердің жиынтық қоржынының 22,9%-тін (немесе 1,3 трлн. теңгені) құрайтын мөлшері **5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдары** тоқсан ішінде елеусіз оң өзгеріс болды және оның мөлшері 4 млрд. теңгені құрады. **5млн.-нан 10 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдар** қарастырылып отырған мерзім ішінде 159,3 млрд. теңгеге өсіп, 564,3 млрд. теңгені (немесе жиынтық қоржынның 9,8%-тін) құрады.

**10 млн.-нан 15 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдар** 242,8 млрд. теңгені немесе жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының 4,2%-ін құрады. Бұл салымдар шетел валютасындағы салымдардың 69,2 %-ке өсуі арқылы ұлғайып отыр.

Жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының басым бөлігі әдеттегідей **15 млн. теңгеден жоғары мерзімді және шартты салымдар** еншісінде және есепті тоқсанда 54,5%-і құрап отыр. Бұл аралықтағы депозиттер өсімі 1,1 трлн.теңгені құрайды.

Жеке тұлғалар депозиттерінің қоржынының 0,4%-ін құрайтын **талап етілгенге дейінгі салымдарының** өзгерісі 11,7 млрд. теңгені құрады. Бұл өзгерісті шетел валютасындағы салымдары 3,3 есе немесе +11,8 млрд.теңгеге ұлғайып, қамтамасыз етті.

**Ағымдағы және карт-шоттардағы жиынтық қалдықтары** бойынша елеусіз теріс өзгерістер орын алды және ол -9,7 млрд. теңгені немесе - 2%-ті құрады. Бұл өзгерістер ұлттық валютадағы **ағымдағы және карт-шоттардағы жиынтық қалдықтарының** 34,5 млрд. теңгеге азаюы салдарынан болды. Шетел валютасындағы салымдар өзгерісі +24,8 млрд. теңгені құрады.

2015 ж. 1 қарашадағы жағдайы бойынша Қор төлеген кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасы **Наурыз Банкі** бойынша 679,6 млн. теңгені, ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша 17,247 млрд. теңгені құрады. Қордың **Наурыз Банкінің** ликвидациялық комиссиясынан кепілдік берілген өтемі төлеген сомасы бойынша талаптарын қанағаттандыру барысында алынған сома мөлшері 679,4 млн. теңге немесе ликвидациялық комиссиясына қойылған барлық талап сомасының 88,0%, ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша 8,748 млрд. теңге немесе Қордың ликвидациялық комиссиясына қойылған талап сомасының 47,88% өндірілді.

Ағымдағы жылдың шілде айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойылуына байланысты Қор Валют Транзит Банк салымшыларына қосымша өтем төлеу процесін бастады және ол бүгінгі күнге дейін жалғасуда.



2015 жылдың 1 қазанына сәйкес  
қатысушы банктердің жеке тұлғалар депозиттері бойынша мәліметтерінің жиынтығы

№ п/п	Аталуы	Сомасы (мың теңге)	3-тоқсандағы өзгерісі	Шоттардың саны
	Барлық жеке тұлғалар депозиттері теңгемен және шетел валютасымен, оның ішінде:	5 730 064 446	1 367 232 872	22 383 182
1.	Талап етілгенге дейінгі салымдар, оның ішінде:	21 556 150	11 718 482	992 152
1.1.	теңгемен	4 546 183	-95 130	948 086
1.2.	шетел валютасымен	17 009 967	11 813 612	44 066
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі талап етілгенге дейінгі салымдар	12 239 954	10 514 207	86
2.	Мерзімді және шартты салымдар, оның ішінде:	5 239 491 565	1 365 210 303	2 746 020
2.1.	теңгемен, оның ішінде:	1 015 629 993	-53 694 661	2 066 795
	1 млн. теңгеден аспайтын	263 619 296	1 511 185	1 816 971
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	303 699 544	-4 095 882	186 108
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	145 184 111	-2 712 155	37 989
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	128 384 013	1 481 962	19 895
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	35 430 459	-1 820 455	3 014
	15 млн. теңгеден жоғары	139 312 570	-48 059 316	2 818
2.2.	шетел валютасымен, оның ішінде:	4 223 861 572	1 418 904 964	679 225
	1 млн. теңгеден аспайтын	100 636 310	-15 051 293	362 599
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	278 382 774	23 052 309	151 870
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	218 908 928	1 315 955	56 251
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	435 904 383	157 826 285	63 226
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	207 385 849	84 813 603	16 924
	15 млн. теңгеден жоғары	2 982 643 328	1 166 948 105	28 355
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі мерзімді және шартты салымдар	387 436 773	181 619 716	1 892
3.	Ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде) оның ішінде:	469 016 731	-9 695 913	18 645 010
3.1.	теңгемен	330 310 419	-34 488 158	17 895 909
3.2.	шетел валютасымен	138 706 312	24 792 245	749 101
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде)	3 226 541	-4 055 326	47 669